

одним из важных факторов его гуманизации, что в конечном итоге, способствует развитию музыкальной культуры общества.

Список литературы:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы.
2. Загвязинский В.И., Атаханов Р.А. Методология и методы психолого-педагогического исследования. М.: Академия, 2003.
3. Цветкова Н.А. Профессиональное становление личности на разных этапах становления профессионала. Дис. ... канд. псих. наук. Я., 2005.
4. Зеер Э.Ф. Психология профессий. М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2003. 336 с.
5. Невзоров В.П. Профессиональное становление учителя в системе многоуровневого университетского образования в регионе. Дис. ... канд. пед. наук. М., 2003.
6. Булгакова Е.В. Профессиональное становление студентов в процессе гуманитарной подготовки. Дис. ... канд. пед. наук. М., 2005.
7. Общая и профессиональная педагогика/ Под ред. В.Д. Симоненко. М.: Вентана – Граф, 2006. 368 с.
8. Найдорф М.И. Статьи о музыкальной культуре // Вопросы культурологии. 2005. №10. – С. 102-105.

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ШЕТЕЛ ҒАЛЫМ - ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ІС- ӘРЕКЕТТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Акхожин Серикхан Амирович
аға оқушысы
Жансүгіров атындағы ЖМУ,
Жақаева Салтанат Ануарбековна,
п.ғ.к., доцент, ҚМПИ

Аннотация

Бұл мақалада мектеп оқушыларында оқу үрдісіндегі төзімділікті қалыптастырудың негізгі әрекеттері қаралады. Негізгі мәселелер теориялық тұрғыда талқыланады. Музыка білімінің бағытымен дағдысы, теориялық, іс-тәжірибелік білімдер жүйесі, орындаушылық шеберлікті шындау қамтылған.

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы музыкальной педагогики. В частности, затрагиваются некоторые аспекты и роли зарубежных ученых в вопросах организации музыкально-исторической деятельности на уроках музыки в школе.

Abstract

In given are considered purposes and problems of the modern general school on shaping tolerant installation beside teachers. The Author of the article, presenting психолого- педагогический aspect of the problem of the education tolerant quality учащихся schools, offers the recommendations on modeling of the positive installation in behaviour of the modern teacher.

Өзектілігі: музыкалық-тарихи қызмет

Ключевые слова: музыкально-историческая деятельность

Keywords: musical and historical activities

Музыкалық тарихи іс әрекеттердің осы тұрғыдағы мақсатты бағытталуы оқушылардың қоғамның музыка туралы түсінігін тарихи дамуы үрдісінде оның адамдар өміріндегі маңызы айтарлықтай өзгерістерге ұшырайтынын сезінуге, жеткізуге арналған жағдай жасайды. Бұл түсінік бір жағынан, адамның қоғамдық өміріндегі өзгерістерді, басқа жағынан, өмірден туған және жаңа құралдар мен жазулар тәсілдерін талап ететін бейнелерді, жаңа бастамаларды музыкада жүзеге асыру саласында

музыканттарды іздестіруді көрсетеді. Осының арқасында музыканың өзінде және қоғамның музыкалық өмірінде айтарлықтай өзгерістер жүзеге асырылады [1].

Мектептегі музыка сабағын өткізу кезінде оқушылармен жүзеге асырылатын музыкалық - тарихи іс - әрекет барысында оқушылар ежелгі уақыттан бүгінгі күндерге дейінгіні қоса алғандағы музыкалық - тарихи үрдісті мейлінше тұтастай көруге бейімделеді. Оның үстіне оқушылардың басты назары халықтық музыка мен кәсіби музыкалық өнердің қалыптасу үрдісі, сондай-ақ, музыканың аталған қабаттарының тарихи дамудың түрлі кезеңдеріндегі өзара байланысын анықтау төңірегінде шоғырланады.

Музыкалық сабақтарды өткізу барысында оқушылардың өткен ғасырдағы және біздің заманымыздағы діни - рухани музыкалармен таныстығына да арнайы көңіл бөлінеді. Оларды музыкалық білімнің мазмұнын түсіндіру кезінде сынып құрамында түрлі діни сенімдердегі, музыкаға, соның ішінде діни-рухани музыкаға өнер ретінде түрлі қатынастағы балалардың бар екенін ескеру қажет. Сонымен бірге оқушылардың көзқарастық ұстанымдарының қалыптасуына қарай ол балалардың музыкаға деген қатынасына барынша көп ықпал жасай бастайды. Сондықтан да діни-рухани музыканы игеру мәдениеттану бағдарында жүзеге асырылуы тиісті.

Оқушылардың тарихи - педагогикалық іс - әрекеттерінің аса маңызды бағыттарының қатарына оқушылардың тарихи дамудың түрлі кезеңдеріндегі өз халқының әлемнің халықтары музыкаларының даму тарихтарындағы ортақтығы пен ерекшелікті анықталуы мүмкін.

Мұндай талдау ересек жасөспірімдермен және жоғарғы сыныптағы оқушылармен жұмыс кезінде музыкалық құбылыстың мәнін түсінуге және әсерін ұғынуына айырықша көңіл бөлу керек.

Музыкалық өнердің «дауыс ырғақтық мәніне көтерілуге» (В.В.Медушевскийдің термині) және оның тарихи даму үрдісін бақылауға бейімделген музыкалық-тарихи талдау музыкалық сабақтарда музыкалық-тарихи іс-әрекеттерді орындаудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады.

Музыкалық-тарихи талдаудың мұндай дауыс ырғақтық-мағыналық бағыты музыканың табиғатына жауап береді және оқушылардың музыкалық-тарихи іс-әрекеттерін ұйымдастыру мен оның мазмұнын анықтау кезінде мұғалім үшін негізгі бағдар болып табылады. Іс жүзі көрсеткендей, бұған керісінше жағдайда, бұл іс-әрекет оқушылардың музыка тарихы саласындағы бірнеше тарихи фактілерді игеруіне әкеледі. Алайда аталған фактілер балалардың түсінігінде музыканың өзінен барынша алыстап кетеді.

Мұғалімнің жеткешілігімен музыка сабағын өткізу кезінде оқушылармен жүзеге асырылатын, музыкалық құбылыстар музыкалық-тарихи талдаумен байланысты мәселелер айналымын белгілі бір жаңа қырынан көрінеді.

Музыкалық сараптама түрлерінің бірі болып саналатын музыкалық-тарихи талдау нақты тарихи кезеңде, немесе өткен дәуірде болған зерттеліп отырған құбылыстың (басқа бір композитордың, орындаушының шығармашылығы, музыкалық туындысын) өзіндік музыкалық сипаттамасын жорамалдайды. Бұл - оқушылардың музыкалық мәдениет пен музыка дамуындағы музыкалық-тарихи суреттер туралы түсініктерін құрастырудағы алғашқы сатыға көтерілуі болады. Осыған орай жасалған музыкалық жинақтаулар мен дауыс ырғақтық есту қабілетінсіз кез келген музыкалық-тарихи оқиғаларды қарастыру еш мүмкін емес. Музыканың дыбысталуы туралы түсініксіз және олар формальды тарихи білімдер түрінде қалып қояды. Тек музыкамен "толықтырылғанда" барып, олар мағынаға ие болады, және олардың өзімен дәл сол кезеңде оқылып отырған музыкалық құбылыстың мәнін белгілі бір мөлшерде түсініктерін көрсететін бастапқы музыкалық ұғымдар ретінде қарастырылады [2].

Оқылып отырған музыкалық-тарихи ерекше құбылыстың мәнін ұғынуға жетудің екінші сатысы оның нақты тарихи кезеңдегі орны мен маңызын анықтаудан тұрады. Мұнда оның өзіне ұқсас және қарама-қайшылықты құбылыстармен қатар өмір сүруі

(дәл сол уақытқа тән композитордың бір туындысының оның барлық шығармашылығының жалпы сипаттамасы ауқымында болуы; бір музыкалық жанрдың басқа жанрлар қатарынан табылуы және тағы басқалар) жайында айтылады. Оқытылып отырған музыкалық құбылысты осындай қырда талдауды жүзеге асыруы жас ерекшелігі топтарындағы оқушыларға қолайлы болып табылатын нақты тарихи мән мәтінде жүргізіледі. Сонымен бірге оның пайда болуы мен бекуіне жол ашқан сол тарихи кезеңдердің сипаттамасына баса назар аударылады.

Үшінші кезең оқылып отырған музыкалық құбылысты музыкалық-тарихи үрдісте мән мәтінінде қарастыру. Сонымен бірге оқушылардың музыкалық-тарихи білімінің арта түсуімен бірге олардың санасында музыка мен музыкалық мәдениеттің даму үрдісі туралы барынша көпқырлы ұғымдар қалыптасады.

Былайша айтқанда, оқушылар білетін әрбір жаңа тарихи дерек, оқиға, құбылыс оларда бұрыннан қалыптасқан музыкалық-тарихи түсініктер жүйесіне қосылады. Сонымен бірге зерттеліп отырған ерекше құбылыс өзінің нақты тарихи түрінде ғана емес, сондай-ақ, тарихи даму үрдісі барысында өзгеріске ұшыраған құбылыс ретінде көрінеді.

Орта мектеп оқушылары үшін музыкалық-тарихи құбылыстарды осылайша дауыс ырғақтық талдаудың мүмкін болатын деңгейі мен мазмұны негізінен талдауды жүзеге асыру уақытында олармен қандай дауыс ырғақтық-есту қабілеттік тәжірибенің жинақталғандығымен, олардың музыка туралы қандай теориялық білімді игергеніне және қандай музыкалық-теориялық талдау ептіліктерін меңгергендігімен анықталады.

Мәселен, егер, мұғалім бастауыш мектептегі музыка сабақтарында қазақ халық аспаптарымен таныстыру кезінде халық аспаптарында музыка ойнаудың тарихына жүгінетін болса, онда оқушылармен алынатын білімдерге қатысты олардың қызығушылығын оятудың жаңа мүмкіндіктері пайда болады. Себебі, музыкалық аспапта, музыкалық шығармада кей кездері оқушылар меңгеру барысында оның "шығармашылық өмірін" басқаша сезе отырып өзіндік "өмірдеректері" болатыны рас.

Мысалы, балаларға тарихта орыс әскерлерінің санын олардың қолындағы дабылдарды есту арқылы санын білуге болатыны, ал ағылшын патшайымының ұланында орыс балалайкаларының оркестрі құрылғаны және ол қызығушылық тудыратынды. Немесе, орыс халықтық аспаптарының бірі Алексей Михайлович патшаның туының өзіне салыну құрметіне ие болғандығы да рас еді. Бұлардың барлығы Ресейде орыс халық аспапарына деген көзқарас нашар болғанда жүзеге асырылып келген.

Мұндай деректер балалар назарын бірден аударады және олардың естерінде жақсы сақталады. Мұғалімнің көмегімен олардың барлығы жүйеленеді де, осының негізінде біртіндеп балалар түсінігінде орыс халықтық аспаптарының дамуының көпбейнелі суреті түзіледі. Олармен танысу арқылы балалар өздерінің өрлеуімен мен құлауына толы тарихи дамуын бастан өткереді [3].

Оның үстіне бұл сурет үнсіз емес. Ол дыбысталады. Оның музыкалық палитрасында оқушылар бұрыннан таныс және олардың дыбысталуын бұған дейін де естіген аспаптардың ғана дауыстары естілмейді. Балалардың музыкалық-есту қабілеттік түсініктерінде олар балаларға ескі кітаптар парақтарынан, тыңдаушылардың олардың дыбыстары туралы алған өзіндік әсерлері және тағы басқалары туралы суреттеулерінен таныс, біздің уақытқа жетпеген аспаптардың мүмкін болатын дыбысталуы туралы ойша түсініктерімен қым-қуыт байланысады.

Осылайша, оқушылар үшін қызықты болып табылатын тарихи деректер оқыту-білім беру үрдісінде балаларды музыкалық-тарихи іс-әрекеттерге тартатын, оларда онымен айналысу ынтасын тудыратын «еліктіргіш» міндетін атқарушы ретінде көрінеді. Олар баланы музыкалық мәдениет пен музыка тарихын тұтастай алғанда тереңдете танысуға ынталандырады.

Бастауыш сыныптардағы оқушылардың дауыс ырғақтық - есту қабілеттік тәжірибесінің жинақталуы мен олармен музыкалық-тарихи білімдерді игерудің мысалы ретінде Н. Земскованың жасы кіші оқушыларын ежелгі дәуірлерде пайда болып, біздің бүгінгі күнге дейін жеткен Новгород жерінің тарихымен, халықтарының әдет-ғұрыптарымен таныстыруға арналған сабағын алуға болады. Алыста қалған өткен кезең мен бүгінгі замандағы қазақ халық аспаптары, халықтық музыка жанрлары, музыкалық ойындар, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлерді сабақта қарастыратын тарихи негіздер болып табылады.

Аталған сабақтың басты міндеттерінің бірі - балалар назарын өзіндік әуені бар күлдіргі өлеңнің (частушкаға) жанрлық түрлерінің түрлі бейнелілігіне аудару. Сонымен бірге балалар тыңдаушылар ролінде ғана емес, басқа бір халықтық іс-әрекеттің белсенді қатысушысы ретінде де көріне алады. Осылайша, музыкалық-тарихи білім оқушылардың басқа бір тарихи кезеңге немесе басқа бар музыкалық кеңістікке өтуі үшін ғана емес, балалардың бұларды өздерінің іс жүзіндегі музыкалық іс-әрекеттерінде тек тыңдаушылықпен шектеліп қана қалмай, орындаушылықта да іске асыра алулары үшін енгізіледі.

А.Вьюнованың сабағында мұғаліммен таңдалған: "Музыканың қайнар бастауларында" атты сабақ тақырыбымен келісілгендей, музыкалық-тарихи іс-әрекет ең басты мағыналардың біріне ие болады.

Аталған сабақта шешілуге тиісті басты міндеттердің бірі әлемнің түрлі халықтарының музыкалық жазбалардың түрлі даму кезеңдерінде қалыптасқан үш түрлі өсиеттеріндегі ерекшеліктері мен жалпы оны анықтау болып табылады. Сондықтан да невендік өсиеттер арасындағы музыкалық-тарихи іс-әрекеттерді орнықтыру мұғаліммен жүзеге асырылатын негізгі әдістердің бірі болып табылады: ежелгі ресейлік нышандық жүйе; Жапонияның ежелгі музыкалық жазбалары да сондай болады олар: ежелгі шығыстық иероглифтік өсиеттер үлгілерінің бірі ғана Батыс Еуропалық немендік өсиет.

Оқушылар ежелгі орыстық нышандық өсиеттермен танысуы арқасында олар сабақта ежелгі орыс музыкалық жазбаларын біздің бүгінгі күнімізге дейін жеткен Шығыс және Батыс Еуропа халықтарының ежелгі музыкалық жазбаларымен салыстыруға мүмкіндіктер алады. Осыған орай олар арнайы белгілер - невендер көмегімен музыканы жазудың негізгі тәсілдері, сондай-ақ, Русьте бұл белгілер нышандық деп аталғаны жөнінде, олардың қандай ұғымдар беретіні және бұларға қандай музыкалық сипаттама беруге болатындығы туралы бұған дейін алынған білімдеріне сүйенуге мүмкіндік ала алады.

Оқушылармен музыкалық-тарихи білімді игерудің мұғалімнің олармен жазылған музыкалық материалдың дыбысталу ерекшелігін көрсетуімен өзара байланысы арқылы берілетінін ескеру де маңызды.

Орта мектепте музыкалық-тарихи іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезінде оқушылардың Ортағасыр дәуіріндегі шетелдік және орыс музыкалары, халық музыкасын шығармашылықтан бастап, біздің қазіргі уақытқа дейінгі музыка өнерінің даму тарихының негізгі қабаттарымен танысуға мүмкіндіктер алатындығын да есте ұстаған жөн. Бұл мұғалімге музыкалық-педагогикалық іс-әрекеттер сипаты бойынша өзіндік шығармашылығы үшін ауқымды кеңістік ашады.

Мәселен, шығармашылық ұжымдардың, орындаушылардың, композиторлардың музыкалық-педагогикалық "портреттерін" жасау; іс жүзі көрсеткендей, ең бірінші кезекте өткені мен бүгінгі уақыттары аса қажетті байланыстарды орнатуға, мысалға алғанда, музыканың төмендегідей, классицизм мен неоклассицизм, романтизм мен неоромантизм, импрессионизм мен неоимпрессионизм арасында "арка" орнықтыру болуы әбден мүмкін. Соңғы уақыттары заманауи орыс композиторлары өздерінің

шығармашылықтарында ХҮШ-ХІХ ғасырлардағы православтық музыка жанрларына жүгінеді. Бұл да өз кезегінде бүгінгі оқушылардың үлкен қызығушылығын туғызады.

Тура осы стильдік "арка" орнықтыру принципі көмегімен композиторлардың И.С.Бах, Д.Шостакович, Ж.Бизе, Р.Щедриннің т.б. шығармашылық бағыттарын салыстырудың қызықты мүмкіндігі пайда болады (Д.Б.Кабалевский бұл принципті ұзақ жылдар бойы өзінің оқушылармен өткізген музыка туралы сұхбаттарында табысты түрде қолданып келді). Музыкалық-тарихи іс-әрекеттердің осыған тектес түріне оқушылардың өздері де материалды іздеу, оны өз құрдастары алдында баяндау тұрғысында белсенді түрде қатыса алады.

Музыка сабақтарында монографиялық тақырыптарды ашу тәсілдері туралы В.Упрямова мен М.Пикуновалар өткізген сабақтар түсініктер береді.

В.Упрямованың С.В.Рахманиновқа арналған сабағында басты назар композитордың шығармашылық мұрасына аударылады. Оқушылардағы осы сала бойынша бұрыннан бар білімді талдау, олар үшін жаңа болып табылатын туындылармен танысу композитордың шығармашылығына жалпы сипаттама беру және орыс музыкасынан келетін ондағы ерекшеліктерді анықтау тұрғысында жүргізіледі. Мыналар оқушылардың басты назарына алынады:

- композитормен жасалған көркемдік бейнелердің "әр түрлілігі, олардың туған табиғатпен, адамдардың өмірімен байланысы;
- оның шығармашылығындағы жетекші тақырыптарды анықтау;
- композитордың түрлі жанрларға (ән айту, аспаптық) қатынасы, композитор шығармашылығының орыс музыкасымен сабақтастығын қадағалау.

Осылайша, бірінші кезекте композитордың музыкасының өзі зерттеу тақырыбына айналады. Сонымен бірге оқушылардың музыкалық-тарихи түсінігі бәрінен бұрын композитор шығармашылығының орыс музыкасымен, орыс адамының бүгінгі тірлігі және өткен тарихымен дауыс ырғақтық-есту қабілеттік ерекшеліктері тұрғысындағы терең туыстығын ұғыну негізінде барынша құнарлана түседі.

М.Пикунованың К.Орфке арналған сабағындағы ең бастысы композитордың жасаушы ретіндегі Тұлғасы. Сондықтан да, барлық сабақтар оқушылар өздерін композитордың шығармашылық зертханасында болғандай, төмендегілерді сезінетіндей етіп құрылады:

- ол қалай жазды;
- қарапайым, елдің барлығына таныс мәтінді музыкалық пішінге енгізу үшін қандай тәсілдерді пайдалануға мүмкін деп санағанын;
- музыкалық туындыны жасауда ол үшін ненің шығармашылық ынталандыру болып табылғандығын;
- ол өзінің туындыларында қандай ғаламдық проблемаларды көтеру қажет деп есептегінін;
- оның шығармашылығы тыңдаушылардың шығармашылыққа деген ынтасын қалайша оятқанын.

Сонымен бірге мұнда өзін мысалға ала отырып, мұғалім композитор шығармашылығының музыка жазуға алғаш рет өзін қалай ынталандырғанын көрсетеді.

Сабақтың тұтастай алғанда тарихи білімдердің алуан түрлі музыкалық іс-әрекеттердегі оқушылардың өзіндік шығармашылығы үшін ыңғаландыру болуына бағытталуының маңызы аса зор. Және осы білімдерді игеру балалар мұғалім, композитор шығармашылығы біртұтас болып бірлескен сабақтың шығармашылық атмосферасына үйлесімді түрде кіріге алады.

С. Стоянованың ХХ жүзжылдықтағы музыкаға арналып өткізілген сабағы музыкалық сабақтарда тарихи даму үрдісі барысындағы музыкалық мәдениет пен музыканың дамуын ашып көрсетудің мысалы бола алады. Бұл сабақтағы музыкалық-тарихи іс-әрекет оқушылардың ХХ жүзжылдықтағы музыкалық мұраның өзгешелігі

мен күрделілігін ұғынуына бағытталған: көркемдік бейнелік саламен бірге техникалық композицияларда өздерінің жүзеге асуларын таба алған дәстүрлерді сақтай отырып, жаналықты іздестіру болған. Сондай-ақ, мұғалім оқушыларға ғасырға олар өздерімен бірге қандай музыканы ала баратындарын өз беттерінше анықтауды ұсынады.

Осылайша, XX жүзжылдықтың музыкасы бұл сабақта музыкалық мәдениеттің дамуының белгілі бір кезеңі ретінде көрсетілген, сонымен бірге оның өткені мен бүгінгі және тіпті болжанған болашағы оқушылардың басты назарында болады.

Расында бір сабақ барысында XX ғасыр музыкасының кең көлемін ең жалпы деген кескінінің өзінде дәл осындай тарихи мән мәтінде ашып көрсету мүмкін емес. Бұл үшін сабақтардың тұтас қатары да жетпесі анық. Бірақ балаларды кез келген тарихи кезеңнің музыкасын даму үрдісінің бөлігі ретінде қарастыруға бейімдеудің маңызы зор.

Д.Пиловпен жүргізілген сабақтағы балалардың жауаптары олар үіпін оқушыларда бұрыннан бар жекелеген музыкалық-тарихи білімдер арасында байланыс орнатудың айтарлықтай қиындықтар туғызатынының дәлелі болып табылады.

Джаз өнерін музыканың стильдік бағыттарының бірі ретінде оқушылармен таныстыруға сабақ арнай отырып, мұғалім музыкалық өнердің түрлі қабаттарының пайда болу уақыттары туралы оқушыларда бар музыкалық-тарихи түсініктерге жүгінеді. Мұғалім мұндай қабаттарға халықтың музыканы, классикалық музыканы және буқаралық эстрадалық музыканы жатқызады. Қарап отырсаңыз, қойылған сауалға берілетін жауап тым қарапайым сияқты көрінеді, алайда, оқушылар оған дайын болмай шығады. Олардың жауаптарынан байқайтынымыз, оқушылар музыкалық өнердің аталған қабаттары жөніндегі өздерінің білімдерін әлемдік музыка мәдениетінің дамуы мен қалыптасу үрдісімен байланыстыра алмайды. Қорыта келгенде, оқушыларды музыканың даму тарихын ең жоқ дегенде ең шекті схемалық түрде түсіне алатындай жағдайға жеткізу үшін мақсатты бағытта әрі реттілікпен дайындау қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. Теория музыкального образования. Учебник для студентов высших педагогических учебных заведений. – М., 2004
2. Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. Музыкально-педагогические технологии учителя музыки. – М., 2006
3. Апраксина О.А. Методика музыкального воспитания в школе. Учебное пособие. – М., 1983

РАЗВИТИЕ КУЛЬТУРЫ СЛУШАНИЯ МУЗЫКИ У ДЕТЕЙ НА УРОКАХ В ШКОЛЕ

Акхожин Серикхан Амирович,
старший преподаватель
кафедры музыкального образования
ЖГУ им.И.Жансугурова
Жакаева Салтанат Ануарбековна,
к.п.н., доцент, КГПИ

Аннотация

Бұл мақалада, музыка сабағы барысында мектеп оқушыларының, музыкалық педагогиканың маңызды құрылымының бірі, музыканы тыңдау қабілетін дамытатын тәсілдер қарастырылған.

Аннотация

В статье рассматривается развитие навыков слушания музыки у школьников на уроках в школе как один из ключевых вопросов музыкальной педагогики.